

«Ембі қаласының мектеп жанындағы интернаты бар №7 ЖББОМ» КММ



«Педагогикалық кеңесте қаралды»  
мектеп әдіске<sup>ри</sup> Ш.Б.Жулаева  
«...» 2024 жыл



БАҒДАРЛАМА

«ЖАС ЗЕРТТЕУШІ»

Құрастырган: Мад тәрбиешілері

2024-2025 о.ж.

## **Түсінік хат**

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 19 шілдедегі № 213 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беру үйымдарында экологиялық білім мен тәрбиені дамыту жөніндегі 2023-2029 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыру негізіндегі 5 жастагы балаларға арналған «Жас зерттеуші» кіріктірілген дамытуши курсы оқу әдістемелік кешені (ОӘК) төмендегі нормативтік құжаттарға сәйкес дайындалды:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпылыға міндетті стандарты (Қазақстан Республикасы Оқу- ағарту министрлігінің 2022ж 3 тамыздағы № 388 бұйрығымен бекітілген)
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің қыркүйектегі №394 бұйрығымен бекітілген)
3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022ж 14 қазандығы № 422 бұйрығымен бекітілген)  
ОӘК –ге:
  - әдістемелік қурал;
  - үлестірмелі материалдар кіреді;Әдістемелік қуралда бір жылға арналған перспективалық жоспар және үйымдастырылған іс -әрекетіне арналған кіріктірілген үлгі жоспарлар берілген.

## **Күтілетін нәтиже:**

1. Су, ауа, қатты материалдардың ерекшеліктерін және қасиеттерін.
2. Ток пен суды пайдалану ережелерін.
3. Әр түрлі заттарды өмірде қалай пайдалануга болатындығын..
4. Табигатты қоргау керектігін түсінеді.

## **Менгерген дағдылары мен іскерліктері:**

1. Әр түрлі заттармен жұмыс жасауды.
2. Тапсырмага сәйкес қажетті күралдарды тандауды.
3. Құбылыс пен объектін байланысы мен қатысымын анықтауды.
4. Қауіпсіздік ережелерін сактауға.
5. Корытынды жасауға дагыланады

## «Жас зерттеуші» танымдық бағдарламасының жоспары

<b>№</b>	<b>Тақырыбы</b>	<b>Мазмұны</b>	<b>Сағат саны</b>
1.	«Микробтар және олармен күрес»	Оз денсаулығын күту туралы түсініктерін қалыптастыру; баланың шығармашылық қабілетін, қиялыштың, тану қызығушылығын дамыту; ауру бактериямен күресу жолдарымен таныстыру. Тазалыққа тәрбиелеу.	1
2.	«Сиқырлы сезім әлеміне саяхат»	Көз, мұрын, құлак, тіл сияқты сезім мүшелері туралы білімдерін бекіту. Тәжірибе арқылы әр мүше не үшін қажет екенін түсіндіру. Шығармашылық қиялыштың, ойлау қабілетін, тілін дамыту. Ағзасын күте білуге үйрету.	1
3.	«Көз біздің көмекшілеріміз»	Көздің құрылышы мен және қызметімен таныстыру. Сөздік қорын дамыту. Көздеріне күтіп карауга тәрбиелеу.	1
4.	«Білімді мұрын»	Балаларды мұрын қызметімен таныстыру. Иістердің ажыратуға және ненің ісі екенін айтпа білуге жаттықтыру. Ойлау қабілетін дамыту.	1
5.	«Жемістердің қалай жеуге болады?»	Жемістер туралы түсініктерін көңейту. Жемістерден әр түрлі тәсілмен тағам дайындауды көрсету. Сөздік қорын дамыту. Үлкендерге кол үшін беруге тәрбиелеу.	1
6.	«Көкөністер және жемістердің пайдасы»	Жемістер мен көкөністердегі кездесеттің дәрүмендер туралы түсіндіру. Баланың ой-өрісін дамыту. Ағзасын күте білуге үйрету.	1
7.	«Бөлме өсімдіктерін күту»	Балалардың өсімдіктер, табиги бояулар туралы білімдерін көңейту. Олардың құрылышы мен күтім жасау жолдары. Айналадагы заттарға қастерлеп карауга тәрбиелеу.	1
8.	«Қокыс» сұрынбау	мәселені шешуде тәрбиеленушілер мен олардың ата-аналарында экологиялық сауатты мінез құлыкты қалыптастыру .	1
9-10.	«Існің тұқымы?»	Жемістер (көкөністер) туралы түсініктерін көңейту. Жемістердің (көкөністердің) жалпы тұқым құрамын айыра білуге үйрету (дәнін). Жемістердің (көкөністердің) тұқым құрамын айтуда үйрету: дәні, қабыршагы.	2
11.	Ұсыныс-ойын: («не болар еді ...»).	Ойынның міндеңтері айқындалады, балаларға әртүрлі әрекетті түсінуге жағадајтар беріледі. балаларыға: «Егер сужогалып кетсе не болар	1

		еді?»-деген сұрақтар қою арқылы судің қажеттілігін түсінуге мүмкіндік беру.	
12.	« Неге барлық заттар құлап жатады?»	Жерде тарту күші бар екенін тәжірибе арқылы балаларға түсіндіру. Ойлау қабілетін дамыту. Белсенділікке, еркіндікке тәрбиелеу.	1
13.	«Айна әлеміне саяхат»	Балаларды айна тарихымен таныстыру; айнаның пайдасы туралы білімдерін бекіту. Бақылауга, салыстыруға, қорытынды жасауга үйрету.	1
14.	«Не қалай жүзеді?»	Заттардың суга бататын және батпайтынын қабілеттерін салыстыру. Ойлау қабілетін дамыту. Қорытынды жасауга жаттықтыру. Ұқыптылықты тәрбиелеу	1
15.	«Жіп ханшайымы отбасын қалай киіндірді?»	Мата қасиеттерімен таныстыру. Киім түрлеріне қарай мата таңдау білуге үйрету. Қағаз және целлофан қасиеттері туралы білімдерін бекіту. Ойлау қабілетін дамыту. Тәжірибе жасауга, ертегілерге қызығушылығын арттыру.	1
16.	«Сиқырлы ток»	Ток туралы білімдерін көнектізу. Қауіпсіздік ережесін бекіту. Қоршаган оргага қызығушылығын арттыру. Ұжыммен жұмыс жасауга тәрбиелеу.	1
17.	«Магнит»	Магнит және оның қасиеттеріне қызығушылықтарын арттыру. Өз ойын аптық айтуга үйрету. Ойлау қабілетін дамыту. Еркіндікке, бір-біне көмек беруге тәрбиелеу.	1
18.	«Орман-тогайды коргайық!»	Орман мен тогайдың айырмашылығын түсіндіру. Табигат байлығына қамқорлықпен қарауга тәрбиелеу.	1
19.	«Жануарларға қамқорлық»	Жыртқыш, суда тіршілік ететін т.б. жануарлар туралы түсіндіру. Сөздік қорларын дамыту. Жануарларға қамқорлықпен қарауга тәрбиелеу.	1
20.	«Тастың қасиеттері»	Тастың қасиеттерін анықтау. Сөздік қорын дамыту. Тәжірибелі таза және ұқыпты жасауга тәрбиелеу.	1
21.	«Су біздің көмекшіміз»	Су адамға қалай көмектесетінін түсіндіру. Судың адам денсаулығына тигізер әсері жөнінде мағұлмат беру. Оның денсаулыққа пайдасы туралы білімдерін дамыту. Оны пайдаланудың ережелерін бала бойында қалыптастыру. Тәжірибелік жұмысқа қызығушылықтарын арттыру.	1
22.	«Сиқырлы су»	Бу қалай суға айналатынын көрсету. Ыстық суды пайдалану ережесімен таныстыру. Сумен тәжірибе жасаған кезде ұқыпты болуга тәрбиелеу.	1
23.	«Бірде қар, бірде мұз..»	Су туралы білімдерін көнектізу. Ойлау қабілетін дамыту. Қорытынды нәтиже шығаруға, бірігіп жұмыс жасауга тәрбиелеу.	1
24.	«Ауа қайда болады?»	Балалардың ауа туралы түсініктерін, қасиеттері туралы және адам өміріндегі қандай роль атқаратыны туралы білімдерін бекіту. Ойлау қабілетін дамыту. Балалардың өздері жасаған	1

25-	«Саяхат»	тәжірибеге қызығушылығын арттыру.	
26.		Ауа туралы білімдерін бекіту. Жердегі барлық тіршілікке ауанын маңыздығын көрсету. Сөздік қорын молайту, ойлау қабілетін дамыту. Табигатқа қамқорлықпен қарауга тәрбиелеу.	1
27.	«Жаңғырық қайда тұрады?»	Тәжірибе арқылы балаларга жаңғырық қалай пайда болатынын көрсету. "Жаңғырық" туралы түсініктерін қалыптастыру.. Табигатқа сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу.	1
28.	«Құстар туралы не білеміз?»	Құстарға сипатама беру, бір- бірінен ажыратуды білу. Балаларға суда жүзетін құстар туралы қосымша мәлімет беру. Есте сақтау қабілеттерін дамыту.	1
29.	«Неге құстар ұша алады?»	Кейбір құстардың сыртқы ерекшеліктеріне назар аудару. Зейіндерін дамыту. Құстарға сүйіспеншілікпен қарауга тәрбиелеу.	1
30.	«Көбелектерге қалай тығылуға болады?»	Кейбір жәндіктердің сыртқы түрлеріне қарай ерекшеліктерін табу. Есте сақтау қабілеттерін қалыптастыру. Жәндіктерге қамқор болуға тәрбиелеу.	1
31.	«Құммен ойын»	Құмның қасиеттерін бекіту. Сөздік қорларын молайту. Ойындарға қызығушылықтарын арттыру. Татулықка, достыққа тәрбиелеу.	1
32.	«Табигатқа қамкор бол!»	Балаларға табигатты қорғауды, олардың пайдасы туралы түсініктерін бекіту. Балаларды табигатты аялауға, таза ұстауга бейімдеу.	1
33.	«Кішкентай зерттеушіміз»	Жобалық жұмыстар арқылы балалардың танымдық қызметін жандандыру. Олардың қабілеттері мен дағдысын бекіту. Тәжірибелік жұмыстарға деген қызығушылығын арттыру, бақылау истижелерін салыстырып, талдау және қорытынды жасау қабілетін дамыту. Зерттеушілік және экологиялық сана-сезімін жетілдіру.	1